

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 және 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 409 қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

12 "Көлік және байланыс" деген функционалдық топта:

215 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген әкімші бойынша:

002 "Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту" деген бағдарламада:

005 "Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру" деген кіші бағдарламада:

"Қарағанды қаласы арқылы жол жүру учаскесін қайта жаңарту" деген жолдағы "900000" деген сандар "815643" деген сандармен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қызыләскер - Киров автожолы бойынша ПК 254+90 көпір өткеліндегі су тасқынынан бұзылуды қалпына келтіру 84357";

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 123-қосымшада :

6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 3-жолдың 5-бағанының 1-тармағында:

"900000" деген сандар "815643" деген сандармен ауыстырылсын:

"Бейнеу - Ақжігіт - Өзбекстан шекарасы - 9,24 км, 466000 мың теңге сомасына (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 263-ПІР бұйрығы);" деген сөздерден кейін "Қызыләскер-Киров автожолы бойынша ПК 254+90 көпір өткеліндегі су тасқынынан бұзылуды қалпына келтіру - 84357 мың теңге (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен

құрылысы комитетінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 14 бұйрығы).";

"конкурстық құжаттаманы мемлекеттік сараптауға" деген сөздерден кейін ", көпірді сынауға" деген сөздермен толықтырылсын;

"карьерлер мен резервтерді қайта өңдеу" деген сөздерден кейін ", су тасқынынан бұзылуды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ "Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ішкі қаражаттар есебінен жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес - 360,34 км автожолдар салынады және қайта жаңартылады" деген сөздерден кейін ", су тасқынынан бұзылу зардаптары жойылады" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі